



**ШОКОЛАДТЫҢ
ҚАНДАЙ ТҮРІН
ҰНАТАСЫЗ?**





ШОКОЛАД - АРУЛАР СҮЙІП ЖЕЙТІН ТӘТТІЛЕРДІҢ БІРІ. ШОКОЛАД ШАЙҒА ЖАҚСЫ ТІСКЕБАСАР ҒАНА ЕМЕС, ҚАЙҒЫМЫЗДЫ ДА БАСА АЛАТЫН ҚАСИЕТКЕ ИЕ. ОНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЗАТ ДЕНЕМІЗДЕ БАҚЫТ ГОРМОНЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ӘСЕР ЕТІП, КӨҢІЛ-КҮЙІМІЗДІ КӨТЕРЕДІ. ШОКОЛАД АРҚЫЛЫ ТІПТІ СІЗДІҢ МІНЕЗІҢІЗДІ ДЕ ТАНУҒА БОЛАТЫНЫН БІЛЕСІЗ БЕ? КӨПТЕГЕН ПСИХОЛОГТАР ҚЫЗ ҚҰПИЯСЫН ОСЫ ШОКОЛАД АРҚЫЛЫ АШУҒА БОЛАДЫ ДЕЙДІ. ШОКОЛАД ДӘМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАП ОТЫРЫП, ҚЫЗ МІНЕЗІН АНЫҚТАУ ОҢАЙ ЕКЕН.



Сүтті шоколад

СҮТТІ ШОКОЛАДТЫ СҮЙІП ЖЕЙТІН ҚЫЗДАР ҚАЙСАРЛЫ, ЖІГЕРЛІ БОЛАДЫ. МІНЕЗІ БОЛАТТАЙ БҰЛ ҚЫЗДАРДАН ЖІГІТТЕР КЕЙДЕ ТІПТІ ҚОРҚАДЫ ЕКЕН. АЛАЙДА ОЛАРДЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН СИҚЫРЛЫҒЫ МЕН ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ АЛДЫНДА КЕЗ КЕЛГЕН ЖІГІТ МАЙДАЙ ЕРИДІ.



Қоңыр шоколад

ҚОҢЫР ШОКОЛАДҚА ҚҰМАР АРУЛАР ЕҢ НӘЗІК, СЕЗІМТАЛ, РОМАНТИК ЖАНДАР. ОЛАР КЕРЕМЕТ ЖҰМЫС, ҚЫЗМЕТ ЖАЙЛЫ АРМАНДАМАЙ, ӘЙЕЛ БАҚЫТЫН АҢСАП, ОТБАСЫ МЕН ҮЙІНІҢ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙДЫ. ӘРҚАШАН ДА ЖАҚЫНДАРЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАП, ОЛАР ҮШІН ӨЗІН ҚҰРБАН ЕТУГЕ ДАЙЫН БОЛАДЫ.



Қара шоколад

ҚАРА ШОКОЛАДТЫ УЫСТАП ЖЕЙТІН ҚЫЗ КЕЗДЕСТІРСЕҢІЗ, АБАЙ БОЛЫҢЫЗ. СЕБЕБІ ОЛ ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫ АҢСАЙТЫН, ШЫТЫРМАН ОҚИҒАЛАРДЫ ІЗДЕП ЖҮРГЕН ҚЫЗ. ЖАҢА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР МЕН ЖАҢА ЖЕРЛЕРГЕ БАРУҒА ҚОРЫҚПАЙТЫН АРУ БӘРІН ДЕ ӨЗІНІҢ БАТЫЛДЫҒЫМЕН ТАҢ ҚАЛДЫРАДЫ. БАСҚА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЫЗАСЫН КЕЛТІРІП, ЖІГІТТЕРДІҢ ТАҢДАЙЫН ҚАҚТЫРА АЛАДЫ.



ЖУРНАЛ
SPLENDID

**АЛ СІЗДІҢ СҮЙІКТІ
ШОКОЛАДЫҢЫЗ
ҚАНДАЙ?**

